

Л.Е.Қойшығұлова<sup>1</sup>, А.Кисамеденова<sup>2</sup>

<sup>12</sup>Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік Университеті  
Атырау қ., Қазақстан

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ САПАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Аңдатпа*

Бұл мақаласында болашақ педагог-психологтардың көшбасшылық сапаларын қалыптастырудың педагогикалық және психологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Көшбасшылық сапаларға қойылатын талаптар болашақ мамандарға кәсіби іс-әрекетті нәтижелі жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерінің жиынтығымен қамтамасыз етіледі. Қазіргі жағдайда болашақ маман кәсіби білім, шеберлік пен дағдыға ғана емес, сонымен қатар практикалық іс-әрекеттерде өзінің шығармашылық әлеуетін табысты іске асыруға мүмкіндік беретін көшбасшылық сапалардың белгілі бір жиынтығына ие болуы тиіс. Болашақ педагог-психологтардың көшбасшылық сапаларын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері рефлексия қабілеттерінің дамуымен, адамдарға оң (жағымды) әсер етуімен, қоғамға белсенді және жауапты қарым-қатынасының дамуымен анықталады. Болашақ педагог-психологтар ретінде жоғары оқу орындарында оқу үрдісінде студенттердің көшбасшылық сапаларын дамытудың психологиялық ерекшеліктері жеке тұлғаны әлеуметтендіру және бейімдеу ерекшеліктері, өзіндік сана-сезімді дамыту, кәсіби іс-әрекеттің өзіндік өзгешелігі, студенттер мен оқытушылардың өзара әрекеттесуі, сонымен бірге студенттердің топшілік өзара әрекеттестігі болып табылады. Көшбасшылық сапаларды дамытудың педагогикалық ерекшеліктері оқу үрдісінде мақсатқа талпынушылық, батылдық, дербестік, жауапкершілік, эмоциялық тұрақтылық, мобильділік, коммуникабельділік сияқты қасиеттерді көрсету болып табылады.

**Түйін сөздер:** көшбасшы, көшбасшылық, сапа, көшбасшылық сапалар, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктер

L.E. Koishigulova<sup>1</sup>, A. Kisamedenova<sup>2</sup>

<sup>12</sup>Atyrau State University named after Kh.Dosmukhamedov,  
Atyrau, Kazakhstan

## PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL FEATURES OF FORMING LEADER QUALITIES IN FUTURE PSYCHOLOGISTS

*Abstract*

This article discusses the psychological and pedagogical features of the formation of leadership qualities in future teachers-psychologists. Requirements for leadership qualities are provided by a combination of personality qualities, which allows future professionals to effectively carry out professional activities. In modern conditions, the future specialist must possess not only professional knowledge, skills, but also a certain set of leadership qualities that allow him to successfully realize his creative potential in practical activities. The psychological and pedagogical features of the formation of leadership qualities in future pedagogues-psychologists are determined by the development of reflection abilities, a positive impact on people, an active and responsible attitude to society. The psychological features of the development of leadership qualities of students in the process of studying at a university, as future pedagogues-psychologists, are features of socialization and adaptation of a person, the development of self-awareness, the specifics of professional activity, the interaction of students and teachers, as well as intra-group interaction of students. The pedagogical features of the development of leadership qualities are in the learning process to show such qualities as determination, determination, independence, responsibility, emotional stability, mobility, sociability.

**Key words:** leader, leadership, qualities, leadership qualities, psychological and pedagogical features.

## ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ЛИДЕРСКИХ КАЧЕСТВ У БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ

### Аннотация

В данной статье рассматриваются психолого-педагогические особенности формирования лидерских качеств у будущих педагогов-психологов. Требования к лидерским качествам обеспечиваются совокупностью качеств личности, которая позволяет будущим специалистам результативно осуществлять профессиональную деятельность. В современных условиях будущий специалист должен обладать не только профессиональными знаниями, умениями и навыками, но и определенным набором лидерских качеств, позволяющих ему успешно реализовывать свой творческий потенциал в практической деятельности. Психолого-педагогические особенности формирования лидерских качеств у будущих педагогов-психологов определяются развитием способностей рефлексии, оказания положительного воздействия на людей, активного и ответственного отношения к обществу. Психологическими особенностями развития лидерских качеств студентов в процессе обучения в вузе, как будущих педагогов-психологов, являются особенности социализации и адаптации личности, развитие самосознания, специфика профессиональной деятельности, взаимодействие студентов и преподавателей, также внутригруппового взаимодействия студентов. Педагогическими особенностями развития лидерских качеств являются в процессе обучения проявлять такие качества, как целеустремленность, решительность, самостоятельность, ответственность, эмоциональная устойчивость, мобильность, коммуникабельность.

**Ключевые слова:** лидер, лидерство, качества, лидерские качества, психолого-педагогические особенности.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың мазмұнын негіздей отырып, басты алты бағытын белгілейді: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы. Осылардың ішінен, болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында», - деп ерекше атап көрсетеді [1].

Бұл жоғары оқу орнында студенттерді кәсіби дайындауда болашақ мамандардың кәсіптік білім, білік және дағдыны ғана емес, практикалық іс-әрекетте өзінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруына мүмкіндік беретін көшбасшылық сапаларын да қалыптастырудың өзектілігін арттыра түседі.

Лидер, лидерлік сапалар өзіндік даму тарихы антикалық дәуірден бүгінгі күнге дейін қалыптасқан пәнаралық мәселе ретінде әртүрлі аспектіде зерттелінген:

- философиялық аспектіде лидерлік адамның «шығармашылық инстинктін» көрсетуі ретінде қарастырылады (М.Вебер, Ф.Ницше және т.б.);

- мәдениет аспектісінде лидерлік басшылардың адамгершілік, әлеуметтік және этикалық жауапкершілігі тұрғысынан зерттелуде (Д.Гоулман, Э.Макки және т.б.);

- саясаттану ғылымы тұрғысынан лидерлік адамның ресми-қызметтік беделі, билікті меңгерумен байланысты әлеуметтік рөлді атқарудағы субъективтік іс-әрекеті, қызметіне сәйкес тұлғалық сапасы ретінде анықталады (М.Б.Касымбеков, Е.Е.Ертысбаев, А.М.Рахимжанов, Б.Аяган, Г.Нурымбетова, А.Н.Нысанбаев және т.б.);

- социологиялық аспектіде лидерлік феномені тұлғаның әлеуметтік топтағы, таптағы, партиядағы, мемлекеттегі мәртебесіне, іс-әрекетінің аса тиімді нәтижесіне негізделген ерекшелік ретінде сипатталады (Ю.Н.Емельянов және т.б.);

- менеджмент саласы бойынша лидерлік басқарудағы өзара әрекеттестікті сипаттайтын сапа ретінде қарастырылады (Р.Блэйк, М.Грегор және т.б.).

Педагогика ғылымында лидерлік тарихи қалыптасқан мәселе ретінде әр түрлі тұрғыдан қарастырылады: мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдер арасындағы лидерлік мәселесін ресейлік ғалымдары (Р.Л.Кричевский, Б.Д.Парыгин, Л.И.Уманский, А.В.Зорина, А.И.Давлетова, Л.В.Тайкова және т.б.), лидерлік мәселесінің әдіснамалық-теориялық негіздерін қазақстандық ғалымдар (Р.М.Қоянбаев, А.Қ.Рысбаева, Қ.К.Жампеисова, Қ.Қ.Шалғынбаева, О.С.Сангилбаев, Б.А.Тұрғынбаева, С.Ж.Пірәлиев, Ұ.М.Әбдіғабпарова, М.Абсатова және т.б.) қарастырады.

Психология ғылымында лидерліктің психологиялық аспектісін шетелдік ғалымдар (Дж.П.Кенджеми, Р.Стогдилл және т.б.), Ресей психологтары (Е.А.Аркин, Л.Н.Войтоловский және т.б.) әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде қарастырады.

Сонымен бірге қарастырылып отырылған мәселе бойынша соңғы жылдардағы ғылыми зерттеулерді, соның ішінде, жоғары оқу орнының болашақ оқытушыларының кәсіби маңызды лидерлік сапаларын дамытудың психологиялық шарттары (К.В.Литвинова, 2014), болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру (Б.М.Баймуханбетов, 2014), орта кәсіби білім беру мекемелері басшыларының лидерлік әлеуетін дамыту (Т.А.Грабницкая, 2010), болашақ педагогтардың лидерлік сапаларын дамытудың педагогикалық шарттары (А.А.Алимбекова, 2016); педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамыту (М.К.Ушатов, 2016); жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу (А.М.Байкулова, 2016) ерекше атауға болады. Бұл зерттеулерде болашақ мамандар іс-әрекеттерінде көшбасшылық сапаларды қалыптастыру мәселесі зерттелінеді.

Қазақ тіліне аударғанда «лидер» – жетекші немесе көшбасшы ұғымдарын білдіреді. Қазақстан ұлттық энциклопедиясында: «Қазақстанның Орта және Батыс өңірлерінде көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына байланысты қазақ қауымы жиі-жиі қоныс аударып, көшіп-қонып өмір сүрген. Көшті жөн-жосықты жақсы білетін, жер-су жағдайымен жете таныс «Көшбасшы» басқарған. Кейде ұзақ көш жолдарымен көшуге тура келіп, көптеген елді мекендерді басып өтетіндіктен «Көшбасшы» болып ел мен жер тарихымен, жергілікті ру-тайпалардың әдет-ғұрыптарымен жақсы таныс, көпті көрген, көне көз адам тағайындалған. Көшбасшы көштің бағдарын, уақытын, тәртібін ғана қадағалап қоймай, руаралық қақтығыстарды болдырмайтын тапқыр, мәмілегер, бітімгер, саясаткер адам ретінде көш қауіпсіздігін қамтамасыз еткен» деген анықтама берілген [2].

Ежелгі философ Платон «Мемлекет» еңбегінде лидердің үш типін бөліп көрсетеді: философ – мемлекеттік қайраткер, ақыл мен әділдікпен басқарушы; әскери басшы, мемлекетті қорғаушы және басқа адамдарды өз еркімен бағындырушы; іскер адам, материалдық қажеттіліктерді қамтамасыз етуші [3].

Аристотель «Саясат» деген трактатында мемлекеттегі биліктің монархия, аристократия және демократия секілді түрлерін бөліп көрсетеді [4].

Осыдан көшбасшылық қоғам дамуының барлық сатысында ерекше орын алған мәселе. Бір жағынан, билік пен лидердің жауапкершілігі, оны мойындау және құрметтеу, екінші жағынан, қоғамдағы құндылықтар жүйесі мен мораль нормаларымен тікелей байланысты. Демек көшбасшы болу, көшбасшылықты қабылдау, оны түсіну және оған деген қарым-қатынас мәселесі барлық уақытта өзекті болған.

Көшбасшылық басқару өнері және топшілік дифференциация ретінде ғана емес, кез келген адамның тұлғалық табыс, өмірлік және кәсіби даму, жетістіктің жоғары деңгейіне жету мүмкіндігін қамтамасыз ететін тұлғалық сапа болып табылады (О.В.Соловьева, 2008) [5].

Көшбасшылық мәселесі сипат теориясы, мінез-құлық пен тәртіп тәсілі, лидерліктің жағдаяттық теориясы тұрғысынан зерттелінген.

Р. Стогдилл сипат теориясының негізін қалаған. Бұл теорияға сәйкес инициативтілік, интеллект, жігерлілік, белсенділік, сенімділік, жауапкершілік, шешендік секілді тұлғалық сапалардың жиынтығын меңгерген адам ғана лидер бола алады [6].

К. Левин негізін қалаған мінез-құлық пен тәртіп тәсіліне сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттің тиімділігі жетекшінің тұлғалық сапаларымен ғана емес, оның басқа адамға қатынасы бойынша мінез-құлық стилімен анықталады. Оның пікірінше, авторитарлық стилде либералдық және демократиялық стилге қарағанда топ іс-әрекетінің көптеген нәтижесіне қол жеткізуге болады. Бір мезгілде лидерліктің мұндай типі үшін бағынушылардың төмен мотивациясы тән, сонымен бірге қабылданған

бірегей шешімдер саны аз, топтық ойлау қалыптаспаған, топ мүшелерінің мінез-құлқы мен тәртібінде қорқыныш пен агрессивтілік болады [7].

Ф. Фидлер, П. Херси негізін қалаған «Жағдаяттық функция ретіндегі лидерлік теориясы» бір адамның сан алуан топта әртүрлі орын алатынын ескере отырып, лидерлік тұлғаның немесе топтың функциясы ғана емес, сан алуан факторлар мен жағдаяттардың күрделі, көпжоспарлы ықпал етуінің нәтижесі деп тұжырымдайды [8].

Б.Д. Парыгин лидердің әлеуметтік-психологиялық сапаларын бөліп көрсетеді: инициативтілік пен белсенділіктің жоғары деңгейі, ұйымдастырушылық іс-әрекет тәжірибесі мен дағдысы, топтық мақсатқа жетуге қызығушылық, топтың істері туралы хабардарлық, көпшілдік және тұлғалық тартымдылық, топтағы лауазым мен бедел, мақсаттылық, өзіне сенімділік, харизматикалық, өзіндік бағалау, жауапкершілік [9].

Ж.Ы. Намазбаеваның пікірінше, лидер - бұл топ мүшелерінің мақсаттарын қамтитын және топтық іс-әрекеттердің сипаттары мен бағыттарын айқындайтын, жауапты шешімдерді қабылдауға құқықты екенін топтың қалған барлық мүшелері мойындаған тұлға. Сонымен, неғұрлым беделді тұлға бола отырып, лидер бірлескен іс-әрекеттерді ұйымдастыруда және топ мүшелері арасындағы қарым-қатынастарды реттеуде басты рөлді атқарады. Әдетте топтағы, ұжымдағы жетекшілік міндетін өзіне алатын бір адам болады, міне сол тұлға лидер ретінде танылады [10].

А.А. Алимбекова болашақ педагогтардың лидерлік сапалары лидерлік функцияларды табысты орындауды қамтамасыз ететін, тұлғаның топпен өзара әрекеттесу қабілеттері мен психологиялық қасиеттерінің жиынтығы деп тұжырымдай отырып, былайша топтастырады: жеке тұлғалық сапалар (мінез-құлқы пен тәртіп ерекшеліктері және адамгершілік қасиеттер); әлеуметтік-психологиялық сапалар (басқа адаммен қарым-қатынаста көрінетін коммуникативтік қасиеттер); ұйымдастырушылық-іскерлік сапалар (интеллектуалдық, іскерлік және ұйымдастырушылық қасиеттер); статустық-лидерлік сапалар (лидердің мойындалған қасиеттері) [11].

Кез келген объектінің сипаттамасы, оның қасиеттерінің жиынтығы философиялық категория «сапа» ұғымымен сипатталады. Демек, болашақ педагог-психологтардың көшбасшылық сапаларын қалыптастыру тұлғаның ішкі психологиялық, ұйымдастырушылық құрылымын дамыту үдерісі және оның нәтижесі болып табылады.

Қарастырылып отырылған мәселені талдау кейбір ғалымдардың көшбасшыда кездесетін сапаларды төрт топқа бөліп көрсетеді:

- физиологиялық сапалар (жағымды сыртқы келбет, дауыс, денсаулық, жоғары жұмысқа қабілеттілік, жігерлілік, сымбаттылық);

- психологиялық сапалар (тұлғаның типтері (экстраверт, интроверт), темперамент (флегматик, сангвиник, холерик), өктемдік, агрессивтілік, басымдылық, тәуелсіздік, шығармашылық, жасампаздық, еркіндік);

- интеллектуалдық сапалар (жоғары интеллект: ақыл, логика, интуитивтілік, энциклопедиялық таным, ақыл-ой өрісінің кеңдігі, білімділік, бірегейлік);

- іскерлік және тұлғалық сапалар (ұйымдастырушылық, тәртіптілік, сенімділік, дипломатикалық, икемділік, дербестік, жауапкершілік, игілік, әділдік, өнегелік, көрегендік, коммуникабельділік).

Жоғарыдағы ғалымдар зерттеулеріне жасалған талдау қазіргі таңда лидердің өзіндік сапаларының тұрақты тізімі жоқ екендігін көрсетеді. Бұл лидерлік сапалардың сан алуан түрлі жағдайда байқалатыны және салыстырмалы сипатқа ие екендігі жөнінде тұжырым жасауға мүмкіндік береді

Қорыта келгенде, болашақ педагог-психологтардың көшбасшылық сапаларын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктеріне адам бойындағы өзінің құндылықтарын білу, болашаққа сену, күштарлық, тәуекелге дайындық, нәтижені бағалау, қажырлылық, мақсатты қоя білу, кәсіби білім, өзіне сенімділік, табысқа жету тілегі, адамдармен тілдесу, қанағаттану сезімін алып келетін іспен айналысу, жағымды қатынас, тілектестік, түйсікке сену, уәдені орындау біліктілігі, әділдік және ашықтық, зейінділік, басқаны мотивациялау және шабыттандыру қабілеті, қамқорлық пен мейірімділік, өзгенің жетістігін құрметтеу біліктілігі, ұстамдылық, т.б. сапалардың әртүрлі деңгейде болуымен сипатталады. Сондықтан оның мазмұны көшбасшылық мінез-құлқы, рөлдік қарым-қатынас, қойылған мақсатқа жетуге әсер ету, өзара тиімді әрекеттесумен тығыз байланысты. Бұл болашақ мамандардың лидерлік сапаларын қалыптастыруды құзыреттілік тұрғыдан қарастыруды талап етеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы. 12 сәуір 2017жыл. <https://www.inform.kz>
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2003 жыл. - Т. 5. - 719б.
3. Платон. Диалог. //Серия «Философское наследие». - Т. 98. - М.: Мысль, 1986. - 605с.
4. Аристотель. Политика // Сочинения в 4-х томах. М., Мысль, 1983. - Т.4. Перевод С. А. Жебелева.
5. Соловьева О.В. Психология лидерства: учеб. пособие/О.В.Соловьева. - Ставрополь: Изд-во СГУ, 2008. – 248с.
6. Stogdill R. Handbook of Leadership [Text] / R. Stogdill. - N. Y., 1974.-316 p.
7. Lewin K., Lippitt R. An experimental approach to the study of autocracy and democracy: A preliminary note // Sociometry. № 1. 1938. P. 292–380.
8. Fiedler F.E. A Theory of Leadership Effectiveness. N.Y., 1967.
9. Парыгин Б.Д. Социальная психология: учеб. пособие / Б.Д. Парыгин. – СПб.: СПбГУП, 2003. - 616 с.
10. Намазбаева Ж.Ы. Жалпы психология: оқулық / Ж.Ы.Намазбаева. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2006. - 296б.
11. Алимбекова А.А. Болашақ педагогтардың лидерлік сапаларын дамытудың педагогикалық шарттары. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Астана, 2016. – 175б.

МРНТИ 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.27>

*Т.М.Есімғалиева<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аңдатпа*

Бұл мақала болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесіне арналған. Қазіргі қоғам жағдайында құзыретті педагог-психолог маманын дайындау мәселесі өзекті болып табылады. Педагог-психолог іс-әрекетінің табыстылығы, ең алдымен, оның жеке тұлғасының жоғары даму деңгейіне, қиын жағдайларда тиісті әрекет ету арқылы айналасындағыларға жанашырлықпен қарай білу қабілетіне байланысты. Мақалада сонымен қатар ғалым В.И.Долгованың пікірі келтіріледі, ол эмоциялық тұрақтылықты педагог-психологтың негізгі құзыреттілігі ретінде қарастырады, өйткені бұл құзыреттілік болашақ педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетінің барлық бағыттарында орын алады және олардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Сондай-ақ, педагог-психологтың мамандығы үнемі болатын психоэмоционалдық артық жүктемемен, эмоциялық шиеленіспен, эмоционалдық тозумен сүйемелденеді. Ол үшін педагог-психолог өзінің эмоционалдық жағдайын реттеп отыруы қажет және психологиялық-педагогикалық бағыттағы кәсіби іс-әрекетке деген ынтасы мен қызығушылығының болуы тиіс.

**Түйін сөздер:** кәсіби құзыреттілік, педагог-психолог, болашақ маман, эмоционалдық тозу, тұлға, кәсіби қарым-қатынас.